Әділет

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 2 қарашадағы N 1737 Қаулысы

"2009 - 2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына, "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы N 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне осы қаулының қосымшасына сәйкес сот актілерін орындау үшін 2009 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған резервінен 47791337 (қырық жеті миллион жеті жүз тоқсан бір мың үш жүз отыз жеті) теңге бөлінсін.

2. Зиян келтірген мемлекеттік органдар заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен оқшауландырылған қаражатты өтеу жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 2 қарашадағы N 1737 қаулысына қосымша

### Орындауға жататын сот шешімдерінің тізбесі

| Р/с N | Сот органының атауы және шешім шығарылған күн | Талапкер | Мемлекет кірісіне төленетін мемлекеттік баж шегерілген сома (теңге) | Мемлекет кірісіне төленетін мемлекеттік баж (теңге) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық сотының 2007 жылғы 15.10. шешімі, Шығыс Қазақстан облыстық сотының қадағалау алқасының 2008 жылғы 08.09. қаулысы, Шығыс Қазақстан облысының Аягөз аудандық сотының 2008 жылғы 12.11.ұйғарымы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алқасының 2008 жылғы 13.11. қаулысы | С. Жақсыбаев | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | , Шығыс Қазақстан облыстық сотының қадағалау алқасының 2009 жылғы 23.01. қаулысы | | 241640 | |
| 2 | Алматы қаласының Түріксіб аудандық сотының 14.01.2009 жылғы қаулысы, Алматы қалалық сотының қылмыстық істер алқасының 2009 жылғы 26.03. қаулысы, Алматы қалалық сотының қадағалау алқасының 2009 жылғы 27.07. қаулысы | Т.Т. Қарамырзиев | 10048045 | |
| 3 | Көкшетау қалалық сотының 2009 жылғы 27.02. шешімі, Ақмола облыстық сотының азаматтық істер алқасының 2009 жылғы 23.04. қаулысы | Қ.Қ.Рахметов | 200637 | |
| 4 | Қостанай облысының Қостанай қалалық сотының 2009 жылғы 08.01. шешімі, Қостанай облыстық сотының азаматтық істер алқасының 2009 жылғы 16.02. қаулысы | А.В. Федоренко | 70000 | 584 |
| 5 | Тараз қаласының N 2 сотының 2004 жылғы 16.11. шешімі, Тараз қалалық сотының 2005 жылғы 14.07. ұйғарымы, Тараз қалалық сотының 2008 жылғы 26.09. ұйғарымы | Г.Н. Хайруллина | 7796 | |
| 6 | Тараз қаласы N 2 сотының 16.11.2004 жылғы шешімі, Тараз қалалық сотының 2005 жылғы 14.07. ұйғарымы, Тараз қалалық сотының 2008 жылғы 26.09. ұйғарымы | Н.Н. Хайруллина | 23386 | |
| 7 | Ақтөбе облысының Мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының 23.06.2006 жылғы шешімі, Ақтөбе қалалық N 2 сотының 2006 жылғы 18.09. ұйғарымы, Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер алқасының 2006 жылғы 09.11. қаулысы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алқасының 2007 жылғы 26.12. қаулысы , Ақтөбе қаласы сотының 2008 жылғы 14.04. ұйғарымы, Ақтөбе қаласы сотының 2008 жылғы 30.07. ұйғарымы, Ақтөбе қаласы сотының 2009 жылғы 27.03. ұйғарымы | " СНПС-Ақтөбе-мұнайгаз " АҚ | 37199249 | |
| Жиыны: | | | 47790753 | 584 |
| Жалпы сомасы: | | | 47791337 | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК